

## Орнықты даму мақсаттары жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 13 қарашадағы № 143-ө өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 сәуірдегі № 268 қаулысымен

## Орнықты даму мақсаттары жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.04.2022 № 268 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 19-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес:

1. Орнықты даму мақсаттары жөніндегі үйлестіру кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) осы өкімге қосымшаға сәйкес құрамда құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Кеңес туралы ереже бекітілсін.

**Премьер-Министр    Б. Сағынтаев**

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2018 жылғы 13 қарашадағы  
№ 143-ө өкіміне  
қосымша

## Орнықты даму мақсаттары жөніндегі үйлестіру кеңесінің құрамы

**Ескерту. Құрамға өзгерістер енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің 11.04.2019 № 57-ө; 06.12.2019 № 222-ө өкімдерімен; ҚР Үкіметінің 01.10.2020 № 624 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.02.2021 № 98 қаулыларымен; ҚР Премьер-Министрінің 04.03.2021 № 48-ө; 07.06.2021 № 103-ө өкімдерімен; ҚР Үкіметінің 28.01.2022 № 34 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан тарапынан:

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрі, төраға;

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі, төрағаның орынбасары;

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі, хатшы;

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы (келісу бойынша);

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі;

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі;

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі;

Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі;

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрі;

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі;

Қазақстан Республикасының Энергетика министрі;

Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция бірінші вице-министрі;

Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі;

Қазақстан Республикасының Әділет министрі;

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының орынбасары (келісім бойынша);

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының орынбасары (келісім бойынша);

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары (келісім бойынша);

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары (келісім бойынша);

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының орынбасары (келісім бойынша);

Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары (келісім бойынша);

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің орынбасары;

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының басшысы (келісім бойынша);

Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының орынбасары (келісім бойынша);

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің басшысы (келісім бойынша);

"Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы"  
" коммерциялық емес акционерлік қоғамының басшысы (келісім бойынша);

"Экономикалық зерттеулер институты" акционерлік қоғамының басқарма  
төрағасы (келісім бойынша);

"Назарбаев Университеті" дербес білім беру ұйымының Президенті (келісім  
бойынша);

"Назарбаев Университеті" дербес білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесі  
төрағасының орынбасары (келісім бойынша),

Халықаралық ұйымдар тарапынан:

Біріккен Ұлттар Ұйымының Қазақстан Республикасындағы резидент  
үйлестірушісі (келісім бойынша);

Еуропалық Одақтың Қазақстандағы өкілдігінің басшысы (келісім бойынша);

"Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасының тұрақты өкілі (келісім  
бойынша)

Қазақстан Республикасындағы Азия Даму Банкі өкілдігінің директоры (   
келісім бойынша).

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2018 жылғы 13 қарашадағы  
№ 143-ө өкімімен  
бекітілген

## **Орнықты даму мақсаттары жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Орнықты даму мақсаттары жөніндегі үйлестіру кеңесі (бұдан әрі - Кеңес)  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган  
болып табылады.

2. Кеңес Қазақстан Республикасында орнықты даму мақсаттарын (бұдан әрі -  
ОДМ) ілгерілету бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу үшін құрылады.

3. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және  
заңдарын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін,  
сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Кеңестің  
жұмыс органы болып табылады.

4-1. "Экономикалық зерттеулер институты" акционерлік қоғамы  
сараптамалық-талдау жұмыстарын жүргізетін Хатшылық болып табылады.

**Ескерту. 4-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің  
07.06.2021 № 103-ө өкімімен.**

5. Кеңестің отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

*Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің 11.04.2019 № 57-ө өкімімен.*

## **2. Кеңестің міндеттері**

6. Кеңестің негізгі міндеттері ОДМ-ды іске асыру жөніндегі бірыңғай саясатты қалыптастыру бойынша ұсыныстарды қарау және әзірлеу болып табылады.

## **3. Кеңестің қызметін ұйымдастыру және оның тәртібі**

7. Кеңестің қызметін ұйымдастыру және оның тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.